

**Шет тілдер кафедрасы**

**27 сәуір, 2020 сағат 15.00**

***ZOOM платформасында үш тілде***

***мерекелік-тәрбиелік іс-шара өткізілді***

**Қазақстан халқы Ассамблеясының 25 жылдығына орай**

**«Қазақстанның бірлігі мен байлығы»**

Бұл мереке достықтың, түсіністік пен келісімнің символына айналды. Бұл республикада 150-ге жуық ұлт пен ұлыс өкілдері тұратын бейбіт өмірдің басты құрамдас бөлігі болып табылады. Әрбір этнос өзінің мәдениеті, өзіндік ерекшелігі бойынша өзгеше. Барлығы әр түрлі, бірақ бәрі қазақстандық. Біздің мемлекетіміз еркін және гүлденген болу үшін, жер бетінде халықтар арасында бейбітшілік пен бірлік болуы қажет.

Этносаралық саладағы мемлекетіміздің саясаты «Әртүрлілік бірлігі» қағидасына негізделген. Қазіргі заманғы тәуелсіз Қазақстанның келбетін өздерін қазақстандықтар деп атайтын барлық этникалық топтар қалыптастырады. Бұл біздің байлығымыз. Түрлі мәдениеттер мен тілдерді таратушылар, біз бәріміз-Қазақстан жерінің балалары, бізді біріктіретін махаббат дейді. Қазақстан халықтары осы жерлерде еңбек ететін барлық ұлттар мен этностық топтардың мәдениетіне, дәстүрлеріне өзара түсіністікпен және сыйластықпен қарап өмір сүруде. Қазақстан халқының бірлігі мерекесі - байланысты нығайтуға, түрлі этностар өкілдері арасында ашық диалог орнатуға бағытталған.

Іс-шараның негізгі мақсаты тұрақтылық пен этносаралық келісімді нығайту, Мемлекеттік және шет тілдерін оқуға деген қызығушылығын арттыру, халықтың мәдени мұрасын зерттеу арқылы патриотизмді қалыптастыру, студенттердің шығармашылық қабілеттерін анықтау және дамыту, студенттердің ұлттық ерекшелігін сақтау, басқа да мәдениет пен тілдерге деген төзімділікті дамыту.

**Іс-шараға жауапты:** *Ақпараттық технологиялар кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., доцент Джантасова Дамира Дулатовна, тәрбие жұмысына жауапты Изотова А.С., кафедра оқытушысы Несипбаева Н.Е.*

**Мерекелік іс-шара Zoom платформасында онлайн режимінде 1 және 2 курс студенттері мен шет тілдері кафедрасының оқытушылар құрамымен бірге өтті.**

**Іс-шара басында Жантасова Дамира Дулатқызы студенттер мен оқытушыларды келе жатқан мерекемен құттықтады.**

**Жүргізуші, АРХ 19-4 тобының студенті Адыханова Айсулу 1 мамыр күні Қазақстанда 3 тілде тойланғаны туралы айтты.**

**Бірінші өнерін көрсеткен – Аман Заңғар (ГД 19-3 тобы) құттықтап, қазақ тілінде «Қазақтай ел қайда?» атты ән шырқады.**

**Аканова Амина (ГПР 19-1 тобы) және Кульпеисова Аружан(ГПР 19-1 тобы) халықтар достығы туралы түрік тілінде өлеңдер оқыды.**

**Бородулин Владлен (С 18-2 тобы) синтезаторда музыкалық туынды орындады.**

**Армия Айшуақ (ГПР 19-1тобы) қазақ тілінде патриоттық өлең оқыды.**

**Ақбергенова Роза фортепианода «ALL of ME» әнін орындады.**

**Төлеуова Айнур (ГПР 19-1 тобы) және Рахым Әли (ГПР 19-1 тобы) ағылшын тілінде өлеңдер оқыды.**

**Советхан Арнұр (ОПИ 19-1) домбырада «Түркімен» туындысын ойнады.**

**Сонымен қатар барлық студенттер викторинаға қуана қатысып, Қазақстанда тұратын түрлі халықтардың мәдениеті, салт-дәстүріне қатысты сұрақтарға жауап берді.**

**Іс-шараға 80 студент қатысты. (Тау-кен, машина жасау және сәулет факультеті)**



